

Жоғары базалық білім (бакалавриат) туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2000 жылғы 1 қарашадағы N 1034 Бұйрық. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 1 желтоқсанда N 1313 тіркелді. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 1 қарашадағы N 522 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 1 қарашадағы N 522 бұйрығымен.

Үзінді:

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж ә н е ғ ы л ы м м и н и с т р л і г і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 қ а р а ш а д а ғ ы

N 522 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір күші жойылған деп танылған бұйрықтарының тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 1034 "Жоғары базалық білім (бакалавриат) туралы Ережені бекіту туралы" бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 1 желтоқсанда N 1 3 1 3 тіркелген).

2

3

4

Жоғары кәсіби білім беретін білім ұйымдарында жоғары базалық білімнің оқу-кәсіптік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса берілген "Жоғары базалық білім (бакалавриат) туралы Ереже" б е к і т і л с і н .

2. Жоғары білім департаменті (Ә.Әбжаппаров) осы бұйрықты белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуден өткізуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-Министр Ә.Ахметовке жүктелсін.

Министр

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрлігінің

2000 жылғы 1 қарашадағы N 1034

бұйрығымен бекітілген

Жоғары базалық білім (бакалавриат)

туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Жоғары базалық білім (бакалавриат) туралы Ереже 1999 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы (бұдан әрі - Заң) мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 1845 "Жоғары кәсіптік білім берудің көп деңгейлі құрылымы туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына (бұдан әрі - Қаулы) сәйкес әзірленген.

2. Бакалавриат Қазақстан Республикасындағы жоғары кәсіптік білім берудің көп деңгейлі құрылымының базалық сатысы болып табылады.

3. Бакалавриаттың міндеті - әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер, оның ішінде, орта кәсіптік оқу орындары үшін біліктілігіне сәйкес қызметтерде жұмыс істеуге практикалық бағытталған жоғары кәсіптік білімді мамандар даярлау.

4. Жоғары базалық білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламасы бойынша оқыту жалпы орта және орта кәсіптік, сондай-ақ жоғары кәсіптік білім негізінде, Қазақстан Республикасы бакалавриат және магистратура мамандықтарының жіктеуішісіне сәйкес жүргізіледі.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 309 бұйрығымен.

5. Жоғары базалық білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламалары бойынша оқитындарға студенттер жатады.

6. Бакалавриаттың негізгі мақсаттары:

1) азаматтардың білімге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру;

2) қоғамды білікті мамандармен қамтамасыз ету;

3) жоғары кәсіптік білім беру жүйесінің келесі деңгейлерінде білімін жалғастыруға қабілетті, дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

7. Заңға сәйкес және жеке адамдардың талабы мен шамасына қарай бакалавриатта оқыту мына нысандарда жүргізіледі: күндізгі, сырттай, кешкілік оқу, дистанциялық оқу және экстернат.

8. Жалпы орта білімі бар тұлғалар үшін бакалавр даярлаудың білімдік-кәсіптік бағдарламасын игеру мерзімі күндізгі оқу нысаны бойынша 4 жылды құрайды; кешкілік және сырттай оқу нысандары бойынша, сондай-ақ оқытудың әртүрлі нысандары араласқан жағдайларда оқу мерзімі жоғары оқу орнымен бір жылға дейін ұзартылады.

9. Орта кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін туысқан мамандықтар бойынша қысқартылған оқыту бағдарламалары бойынша бакалаврлар даярлаудың білімдік-кәсіптік бағдарламасын игеру мерзімі күндізгі оқу нысаны бойынша 3 жылдан кем емес уақытты құрайды; кешкілік және сырттай оқу нысандары бойынша бұл мерзім жоғары оқу орнымен бір жылға дейін ұзартылады.

10. Қысқартылған оқыту бағдарламасы бойынша оқыту жүктемесі, кем дегенде, 1440 сағат болуы керек.

11. Күндізгі оқытындарға арналған оқу жоспары бойынша жасалған пәндер тізімін кешкілік және сырттай оқытындар үшін қысқартуға болмайды. Сырттай оқытындарға арналған пәндерді игерудің ауқымдылығы күндізгі оқытындар үшін бекітілген пәндердің жалпы ауқымдылығының 30-40% мөлшеріндей болуы тиіс.

12. Білімдік-кәсіптік бағдарламасы бойынша жоғары базалық білімді мамандар даярлауды, білім беру қызметіне лицензиясы бар, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары жүзеге асырады.

13. Бакалавриатқа қабылдау тәртібі, білім беру саласындағы орталық атқару органымен бекітілген жоғары оқу орындарына қабылдаудың Үлгі ережелеріне сәйкес белгіленеді.

2. Бакалавр даярлауға қойылатын талаптар

14. Жоғары базалық білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламасының көлемі мен құрылымына қойылатын талаптар "Жоғары кәсіптік білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер" ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартымен анықталады.

Ескерту: 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 309 бұйрығымен.

15. Жоғары базалық білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламасы бойынша білім алған түлек келесі талаптарға сай болуға тиісті:

- 1) алған мамандығы бойынша іргелі даярлығы болуы;
- 2) маманның бүгінгі таңға көзқарасын қалыптастыратын гуманитарлық-әлеуметтік пәндер бойынша жүйелі білімі болуы;
- 3) маманның іскерлік этикасын айқындайтын, қоғамдағы қатынастарды ретке келтіретін құқықтық және этикалық нормаларды білуі;

4) қазіргі білім беру технологиясын пайдалана отырып, білімін толықтырып және жаңартып отыра білуі;

5) ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және сақтау жөніндегі қазіргі компьютерлік технологияны меңгеруі;

6) білімін кәсіптік жоғары білім беру жүйесінің келесі деңгейінде жалғастыруға қабілетті болуы;

7) мемлекеттік, орыс және шет тілдердің біреуін меңгеруі.

3. Қорытынды аттестаттау

16. Бакалавр даярлаудың соңғы кезеңінде, мамандықтарына байланысты, мемлекеттік емтихандар тапсыру немесе (және) дипломдық жоба (жұмыс) орындау және қорғау арқылы мемлекеттік қорытынды аттестаттау жүргізу қарастырылады.

17. Мемлекеттік емтихандар тапсыратын, сондай-ақ дипломдық жоба (жұмыс) қорғайтын оқу пәндері, қолданылып жүрген мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартымен анықталады.

18. Дипломдық жоба (жұмыс) ғылыми жетекшінің басшылық етуімен орындалған өзіндік зерттеудің нәтижесі болып табылады.

19. Дипломдық жұмысты қорғау және мемлекеттік емтихандарды тапсыру Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының мәжілісінде өтеді.

20. Мемлекеттік қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрі 2004 жылғы 20 қарашадағы N 953 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеудің тізілімінде N 3298 болып тіркелген, Білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудан, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өткізудің ережесіне сәйкес жүргізіледі.

Ескерту: 20-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 309 бұйрығымен .

21. Жоғары базалық білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламасы бойынша оқу жоспарын толық орындаған, мемлекеттік емтихандарын ойдағыдай тапсырған және дипломдық жобасын (жұмысын) қорғаған тұлғаларға, берілген біліктілікке сәйкес жоғары білім туралы дипломмен бірге "бакалавр" академиялық атағы беріледі.

22. Оқу орнының түлегіне дипломның қосымшасы бірге беріледі, онда оқыған пәндер бойынша сынақтар мен емтихандардан алған қорытынды бағалары, тапсырылған мемлекеттік емтихандардың нәтижелері, дипломдық жобаны (жұмысты) қорғағанда алған бағасы мен дипломдық жобаның (жұмыстың) тақырыбы жазылады.

23. Қаулыға сәйкес, жоғары базалық білімнің оқыту-кәсіптік бағдарламасы бойынша оқуды толық тамамдаған тұлғалар, өзіне берілген біліктілік бойынша

жұмыс істеулеріне немесе жоғары ғылыми-педагогикалық білімнің оқыту-кәсіптік бағдарламалары бойынша "магистр" академиялық атағы мен біліктілігін алу үшін оқуын жалғастыруларына болады.

24. Бакалавриатты тамамдай алмағандарға бекітілген үлгідегі академиялық анықтама беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК